

Аңдатпа

Бұл дипломдық жобада кеңінен көп қолданылатын қазіргі заманауи компьютерлік графика қарастырылған. Компьютерлік графиканың мақсаты – көрсетушілік (визуализация), яғни кескінді құру.

Unity 3D үш өлшемді графика құралдарын пайдалану арқылы 3D ортасында модельдеу. Үш өлшемді графика арқылы кез келген объектінің нақты көшірмесін және жаңа түрін жасауға мүмкіндік береді. Дипломдық жобада Unity 3D бағдарламасын қолдану ортасы мен артықшылығы туралы ойын жобасы қарастырылады.

Жобаны жасаудағы басты мақсатымыз – мектеп жасына дейінгі балалардың бос уақытын тиімді пайдалауына көмектесу. Жоба бойынша бағдарлама бала-бақшаларға, мектептің дайындық сыныптарына немесе үй жағдайына арналған.

Бұл дипломдық жоба кіріспеден, пәндік аймақты зерттеу, өңдеу құралдары, жобалау, қолданбалы, экономикалық есептеулер және еңбек қорғау бөлімдерінен тұрады.